

**«Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
2025 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Алматы қ.

26 маусым 2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Ішкі талдау объектісі: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-Театр), Алматы қаласы, Радостовец, 42 көшесі

Ішкі талдау жүргізудің негіздемесі: Театр директорының міндетін уақытша атқарушының 2026 жылғы 15 мамырдағы №17-Н/Қ бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 18 мамырдан 29 маусымға дейін.

Талдау кезеңі: 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.

Ішкі талдаудың мақсаты - Театр қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін бағалау және оларды жою жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.

1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті талдау

Театр өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында Театрдың құрылымы, лауазымдық міндеттерді бөлу тәртібі, басқарушылық шешімдерді қабылдау рәсімдері зерделенді. Қызметкерлердің өкілеттіктерін бөлу жүйесі белгіленген, функциялардың қайталануы немесе негізсіз шоғырлануы анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын жүйелі факторлар анықталмады.

2. Персоналды басқару саласын талдау

Кадрлық жұмыс бөлімі өз қызметін www.enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы жүзеге асырады. Қызметкерлердің еңбек шарттары мен қосымша келісімдерін тіркеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.kz порталында жүргізіледі.

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат тұрақты түрде www.enbek.kz порталында жарияланып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ай сайын ұсынылады.

Кадрлар жөніндегі инспектор тарапынан қызметкерлердің жеке істерін жүргізу еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру бекітілген демалыс кестесіне сәйкес және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптары негізінде жүзеге асырылады.

2025 жылғы ақпан айынан бастап Театрда кадрлық процестерді автоматтандыру және персоналды есепке алуды жетілдіру мақсатында Бірыңғай кадр жүйесі (БКЖ) енгізіліп, пайдалануға берілді. Аталған жүйе персоналды басқару рәсімдерінің ашықтығын арттыруға және кадрлық құжат айналымын оңтайландыруға бағытталған. Жүйені енгізу бойынша 2025 жылғы 13 ақпандағы №990240004826/250036 шарт негізінде келісімшарт жасалды. Бірыңғай кадр жүйесін енгізу нәтижесінде кадрлық рәсімдерді жүргізудің бірыңғай тәртібі қамтамасыз етіліп, персоналды есепке алу және басқару процестерінің тиімділігі артты.

Театрада бизнес-процестерді басқару, құжат айналымын автоматтандыруға және электрондық құжаттармен алмасуға арналған "Novator" электрондық құжат айналымы жүйесі пайдаланылады.

Аталған жүйе:

- ішкі құжат айналымын автоматтандыруды;
- электрондық құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қоюды;
- Ұлттық куәландырушы орталық арқылы ЭЦҚ-ның дұрыстығын тексеруді;
- электрондық құжаттардың мазмұнына үшінші тұлғалардың қол жеткізу мүмкіндігінің болмауын;
- электрондық құжаттардың мазмұнын өзгерту мүмкіндігінің техникалық тұрғыдан болмауын қамтамасыз етеді.

Театрдың 2025 жылға бекітілген штат саны 127 бірлікті құрайды (45 бос орын, 8 қызметкер бала күтімі бойынша демалыста, 2 қызметкер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді әскери қызметке).

2025 жылы 28 адам жұмысқа қабылданды, жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны - 32 адам, оның ішінде 2 адам зейнет жасындағы, зейнеткерлік жасқа толуына байланысты 1 қызметкер жұмыстан босатылды. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер саны – 9 адам. Теріс немесе тәртіптік себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер анықталмады. Еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, ұжымдық шартпен, Театрда қолданыстағы ережелермен, нұсқаулықтармен, нормалармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері анықталған жоқ.

2025 жылғы 23 қазандағы №1 хаттамаға сәйкес Театрдың балет әртістері мен көркемдік-шығармашылық құрамына жататын қызметкерлері (бас балетмейстер, балет репетиторы, балетмейстер, концертмейстер-аккомпаниаторлар және дыбыс режиссері) аттестаттаудан өтті. Аттестаттауға барлығы 28 балет әртісі қатысты. Сонымен қатар 12 балет әртісі денсаулық жағдайына байланысты ұсынылған анықтамалар негізінде (оналту кезеңінде болуы), бала күтімі жөніндегі демалыста болуы, жалақысы сақталмайтын демалыста болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылуына байланысты аттестаттаудан босатылды. Бұдан бөлек, еңбек өтілі бір жылдан кем 6 балет әртісі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес аттестаттаудан өтуден босатылды. Аттестаттау қорытындысы бойынша комиссия мүшелерінің шешімімен аттестаттаудан өткен барлық қызметкерлер атқаратын лауазымдарына сәйкес деп танылды.

Барлық қызметкерлер үшін мобильді қосымша арқылы жұмыс уақытын есепке алу мақсатында Face ID жүйесінің пилоттық нұсқасы 2025 жылғы желтоқсан айында іске қосылды.

Есепті кезеңде кадрлық шешімдерге және кадрлық мәселелерге қатысты шағымдар мен өтініштер келіп түскен жоқ.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кадрлық басқару, еңбек қатынастарын реттеу, персоналды іріктеу мәселелері саласында, аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Қаржы және бюджет қаражатын игеру саласын талдау

Театрдың қаржы ресурстарын игеру және бөлу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің белгіленген талаптарына сәйкес және уәкілетті орган бекіткен шығындар сметасына, тарифтерге және штаттық кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Бюджет қаражатының тиімді және мақсатты пайдаланылуына тұрақты бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар бюджет қаражатын жоспарлау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарының сақталуына мониторинг пен бақылау қамтамасыз етіледі.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында Театрдың салықтық және статистикалық есептілікті уәкілетті мемлекеттік органдарға уақтылы және толық көлемде ұсынуды қамтамасыз ететіні анықталды.

Талдау кезеңінде келесі салықтық есептілік нысандары тапсырылған:

- тоқсандық нысандар: № 200, № 870;
- жылдық нысандар: № 100, № 700, № 701, № 851.

Сонымен қатар келесі статистикалық есептер ұсынылған:

- 1-ПФ нысаны – тоқсандық және жылдық;
- 2-қызметтер нысаны – тоқсандық және жылдық;
- 1-Т нысаны (еңбек жөніндегі есеп) – тоқсандық және жылдық;
- 1-инвест нысаны – ай сайынғы және жылдық;
- 2-Т нысаны (еңбекақы төлеу туралы есеп) – жылдық;
- 11-нысан – негізгі құралдардың жай-күйі туралы есеп;

- 1-мәдениет нысаны (мәдениет ұйымдарының қызметі туралы есеп) – жылдық.

Талдау барысында салықтық және статистикалық есептілікті ұсынбау немесе мерзімінде тапсырмау фактілері анықталған жоқ. Есептілікті ұсыну Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерді орындау бөлігіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде бюджет қаражатын жоспарлау, игеру және пайдалану саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Шарттық-құқықтық қызметті талдау

Есепті кезеңде шарттардың жасалу негіздері, контрагенттерді таңдау тәртібі, шарттардың мәні, төлем жасау талаптары және талаптардың шарттық міндеттемелерді орындау мәселелері қарастырылды.

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсан аралығындағы кезең бойынша шарттар тізіліміне құқықтық талдау жүргізілді.

Талдау барысында барлығы 31 шарт қарастырылды, оның ішінде:

- жеке тұлғалармен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар – 16;
- заңды тұлғалармен жасалған шарттар – 15;
- жеке кәсіпкерлермен жасалған шарттар – 0;
- бірлескен мәдени-шығармашылық іс-шараларды өткізу және мәдени қызмет көрсетуге қатысты шарттар – 8.

Жүргізілген талдау нәтижесінде:

- мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ;
- аффилиирленген тұлғаларға негізсіз артықшылық беру фактілері анықталған жоқ;
- бюджет қаражатын негізсіз пайдалану фактілері анықталған жоқ;
- Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұза отырып шарттар жасасу жағдайлары анықталған жоқ;
- Е-Өтініш интернет-ресурсы арқылы Театр басшылығына азаматтардан өтініштер түскен жоқ;
- шарттарды жасасу және орындау барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының белгілері анықталған жоқ.

Жалпы алғанда, шарттық-құқықтық қызметті ұйымдастыру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік сатып алу саласын талдау

2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарының жалпы сомасы 42 184 545,84 теңгені құрады. Аталған жоспар Театр директорының м.а. 2025 жылғы 29 қаңтардағы №20 Н/Қ бұйрығымен бекітіліп, www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған.

Есепті кезеңде мемлекеттік сатып алу бойынша 85 шарт жасалды, оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 50;
- электрондық дүкен арқылы – 2;
- бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы – 33;

- ашық конкурс тәсілі қолданылмаған.

Бір көзден сатып алу тәсілі бойынша жасалған 33 шарттың ішінде 5 шарт электр энергиясы бойынша табиғи монополия субъектісі - «АЖК» АҚ-мен, жылу энергиясы бойынша - «Алматы жылу желілері» ЖШС-мен, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша Алматы қаласы Энергетика және су жабдықтау басқармасының «Алматы Су» ШЖҚ МКК-мен жасалған. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау бойынша 151 қабылдау-тапсыру актісі рәсімделді. Жасалған шарттардың ішінде 1 шарт тиісінше орындалмаған. Алайда талған факті бойынша сот органдарына талап-арыздар берілмеген.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін факторлар ретінде бір көзден сатып алу тәсілін қолдану жағдайларына тұрақты мониторинг жүргізу қажеттілігі және шарттардың тиісінше орындалуын бақылауды күшейту қажеттілігі айқындалды. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізу ұсынылады. Сатып алу рәсімдерінде заңнама талаптарының бұзылуы, мүдделер қақтығысы немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының белгілері анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша Театр қызметінің ұйымдастырушылық-басқарушылық, кадрлық, қаржылық, шарттық-құқықтық және мемлекеттік сатып алу бағыттарында жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ашықтық қағидаттарын сақтау мақсатында:

* қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

* мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған ішкі мониторингті тұрақты негізде жүргізу;

* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Театрдың ресми интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады.

Қорытынды

Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша 2025 жылғы есепті кезеңде Театр қызметінің ұйымдастырушылық-басқарушылық, кадрлық, қаржылық, шарттық-құқықтық және мемлекеттік сатып алу бағыттарында жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Театрда қолданыстағы ішкі бақылау тетіктері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс істейді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі шеңберінде профилактикалық іс-шараларды жалғастыру, қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру және ішкі бақылау рәсімдерін тұрақты жетілдіру ұсынылады.

Қосымшалар:

- **1-қосымша** - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі;
- **2-қосымша** - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- Тәуекелдер картасы

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
жөніндегі комплаенс-офицердің функцияларын атқарушы**

Джумагулова Ф.Г.

